



8 | ІС-ШАРАЛАР



19.09.2022ж. Колледжде қыркүйек айының 19-29 күндері аралығында «Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша мақсатты іс-шаралар өткізу» жобасы аясында «Құқық-әділет пен парасат жолы»

«ақырыбында колледж студенттерін челенджге қатысуға шақырды. Челендждің мақсаты жасөспірімдер, жастар арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу, адалдыққа, жақсылыққа шақыру. Ұйымдастырушы: Сыбайлас жемқорлықпен күрес комиссиясының хатшысы Б.А.Қырықбаева.



20.09.2022 ж. «С o w o r k i n g» оқу орталығында «Кітапхана – табыс мекені» атты ашық есік күні акциясы өтті. Іс-шараның мақсаты – 1 курс студенттеріне кітап оқуды насихаттау, кітапхананы таныстыру, оқуға деген құштарлығын ояту, кітапханадағы көркем әдебиеттер мен энциклопедиялар және сөздіктер, тарихи кітаптар таныстырылды.



27.09.2022 ж. Колледжде психологиялық қызметтің ұйымдастыруымен 2022-2023 оқу жылына қабылданған топтардың кураторларымен жиналыс өткізілді. Топ жетекшілерге студенттерге арналған сұраныс парағы, үй актісі, психопедагогикалық картасын толтыру үлгісі түсіндірілді. Оқу жылына қабылданған кураторларға студенттермен, топпен тығыз қарым-қатынаста болуға кеңес берілді.

9 | “ЖОМАРТ ТҮЛЕК” ТҮЛЕКТЕРМЕН КЕЗДЕСУ



03.10.2022 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжін 1987 жылы бітірген 2С/10А тобының студенттері “Жомарт түлек” жобасы аясында, түлектер кездесуіне келіп, колледж тынысымен танысып, Алғыс айтып, сыйлықтарын тарту етті.

10 ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



01.10.2022 ж. Жамбыл облыстық пікір сайыс одағы «Еркін пікір» жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен М.Мәметованың 100 жылдығына орай «Елдің тыныштығы – ең үлкен аманат» тақырыбында өткен облыстық пікір сайыс турнирінде колледждің Альфа лигасында ойын көрсеткен «Емдеу ісі» бөлімі, 210 топ студенттері К.Бабалы мен Н.Маулен жүлделі ІІІ орынды иеленді, Бетта лигасында ойнаған «Емдеу ісі» бөлімі, 210 топ студенті Ә.Құдиярбек және 216 топ студенті А.Сәбит жүлделі ІІ орынды иеленді. Сондай-ақ «Үздік кейс» номинациясын «Subzero» фракциясының мүшелері: Д.Сайлау мен С.Бахыт, «Үздік төреші» номинациясын «Мейіргер ісі» бөлімі, 404 топ студенті Ұ.Жүсіпова, «Үздік идея иесі» номинациясын «Емдеу ісі» бөлімі, 314 топ студенті А.Өмірғали, «Үздік аналитик» номинациясын «Емдеу ісі» бөлімі, 210 топ студенті А.Құдиярбек алды.



КИО.КЗ - Қазақстандық интеллектуалды олимпиадалар сайтының ұйымдастыруымен, педагогтардың білімін тексерумен біліктілігін арттыру мақсатында өткен республикалық интеллектуалды "Кеменгер ұстаз" олимпиадасына колледж психологы Н.Е.Мухамодиева катысып, ІІІ Дәрежелі Дипломмен, колледж психологы А.Н.Өскенбаева КИО олимпиадасының дамуына елеулі үлес қосқаны үшін Алғыс хатпен марапатталды.



Алматы қаласы, республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық мерзімді баспасөз басылым "Білімгер". "Ұстаз шапағаты" атты республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журналының 2022 жылғы қыркүйек айындағы №09(36) санында, колледждің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің оқытушысы З.И.Абдалимованың, "Қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі - болашақтың жаңа баспалдағы." тақырыбындағы материалы жарыққа шықты.



БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

1 | “1 ҚЫРКҮЙЕК” - БІЛІМ КҮНІ

“1 қыркүйек - Білім күніне орай “Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм” тақырыбындағы тәрбие сағаты.

2 | ТІЛДЕР КҮНІ

Қазақстан халықтарының тілдер күні мерекесіне арнап «Қазақ тілі – қазақтың дара тілі» атты әдеби-сазды кеш.

3 | ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ХАЛЫҚҚА ЖОЛДАУЫ

Колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» жолдауына пікір білдірді.

4 | ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ЖӘНЕ ЖАС МАМАНДАР

Педагогикалық кеңес және жас мамандар отырысы.

5 | ҰСТАЗДАР КҮНІ

"Ұстаздық ұлы қызмет" тақырыбындағы концерт.

6 | 1-ҚАЗАН ҚАРТТАР КҮНІ

"1-қазан Қарттар күні" мерекесіне орай "Қарттарын қадірлеген-ел ардақты" атты колледждің ардагер ұстаздарымен кездесу.

7 | КЕЗДЕСУ

"АМАНАТ" партия филиалының мүшелері "Алау" бастауыш партия ұйымы мүшелерімен кездесу ұйымдастырды.

8 | ІС-ШАРАЛАР

Колледжде өткізілген іс-шаралар.

9 | “ЖОМАРТ ТҮЛЕК” ТҮЛЕКТЕРМЕН КЕЗДЕСУ

Колледжде “Жомарт түлек” жобасы аясында, 1987 ж. бітірген түлектермен кездесу.

10 ҚҰТТЫҚТАУ

Колледж оқытушылары мен студенттерінің жетістіктері.

Тараз қаласы, Ниетқалиев көшесі №20, Жамбыл жоғары медициналық колледжі. Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.



1 | "1 ҚЫРКҮЙЕК - БІЛІМ КҮНІ"



01.09.2022 ж. Колледжде 1 қыркүйек - Білім күніне арналған "Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм" тақырыбында салтанатты жиын және кураторлық сағаттар өткізілді.

Колледж директоры Ж.Н. Сарыбекова колледж ұжымын, жаңа қабылданған студенттерді мерекемен, жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, табыс тіледі.



01.09.2022 ж. Колледждің тәрбие бөлімі, 129 ЛФ- 9/22 топ студенттері мен топ жетекшісі К. М. Кушпенованың ұйымдастыруымен 1 қыркүйек - Білім күніне орай "Білімге ұмтылу, еңбек

сүйгіштік және патриотизм" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Іс-шараның мақсаты: Білімге деген құндылықты қалыптастыру, өз Отаны үшін қажет және пайдалы болу. Белсенді өмірлік ұстанымды, кәсіби маңызды қасиеттерді және олардың қоғам өмірінің түрлі салаларында көрініс табуына дайындығын қалыптастыру. Өзін-өзі тәрбиелеуге және жеке тұлғаның шығармашылық қасиеттерін дамытуға бағдарлау.



01.09.2022ж. 1 қыркүйек - Білім күніне арнап 126 топ «Емдеу ісі» мамандығы бойынша „Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм“ тақырыбында кураторлық сағат өткізілді. Кураторлық сағаттың мақсаты:

Білімге деген құндылықты қалыптастыру өз отаны үшін қажет және пайдалы болу. деген ұмтылыс. Өзін - өзі тәрбиелеу және жеке тұлғаның шығармашылық қасиеттерін дамыту.

2 | "ҚАЗАҚ ТІЛІ-ҚАЗАҚТЫҢ ДАРА ТІЛІ" ӘДЕБИ САЗДЫ КЕШ



27.09.2022 ж. Колледжде №1 Жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері циклдық әдістемелік комиссия оқытушыларының ұйымдастыруымен Отанға деген, мемлекеттік тілге деген сүйіспеншіліктерін арттыру мақсатында Қазақстан халықтарының тілдер күні мерекесіне орай «Қазақ тілі – қазақтың дара тілі» атты әдеби-сазды кеш өткізді.


3 | ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ХАЛЫҚҚА ЖОЛДАУЫ



01.09.2022ж. Колледж директоры Ж.Н.Сарыбекованың ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» жолдауына пікір білдірді.


«Білім күні» мерекесімен қатар еліміздің тарихында, жаңа бір саяси ахуал орын алып отырғаны баршамызға аян. Еліміз жыл сайын үлкен үмітпен күтетін ел президентінің жолдауы 2022-2023 жаңа оқу жылының басталуымен қатар келуі, әрбір азаматының ерекше назарын аударды. Жыл сайын Президент Қ.К.Тоқаевтың жолдауы өз жаңалықтарымен, құнды ұсыныстарымен еліміздің өркендеуіне, жаңғыруына негіз болатын салмақты тұжырымдармен ерекшеленеді. Өйткені, Президент жолдауы мемлекетіміздің даму жолындағы бағыт берер басты құжат. Жолдаудың негізгі мәні экономикамызда қордаланған мәселелер және халықтың әл-ауқатын арттыруға мемлекетіміздің дамуына арналып отыр. Бұл нақты тәжірибелік істердің бағдарламасы, сөзсіз, барлық қазақстандықтарға, соның ішінде, медицина қызметкерлеріне, білім саласындағы педагог оқытушыларға қатысты. Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дамиды. Денсаулық сақтау саласында біраз реформа тағы жүргізілетіндігі айтылды. Бүгінде медициналық көмек мемлекет кепілдік берген және сақтандыру пакеті деп екіге бөлінген. Ашығын айтсақ, мұндай жүйенің тиімділігі төмен», - деді Президент. 2023 жылдан бастап ауыл тұрғындарының мұқтаждықтарына бағытталған ұлттық жобаны жүзеге асыру жөнінде шешім қабылдағандығы, екі жыл ішінде қазіргі кезде медициналық мекемесі жоқ 650 ауылда медициналық және фельдшерлік-акушерлік пункттер салынады. Ұлттық жоба аясында 32 аудандық аурухана жаңғыртылып, ауданаралық көпбейінді медициналық мекеме ретінде қайта құрылады және онда инсульт орталығы, хирургия, жан сақтау және оңалту бөлімдері пайда болады" - деп мәлімдеді. Қ.К.Тоқаев биыл күзде кезектен тыс Президент сайлауын өткізуді ұсынды. Президент мандатын ұзақтығы 7 жылдық бір мерзіммен шектеуді ұсынды. Сондықтан өкілеттік мерзімін қысқартуға және кезектен тыс Президент сайлауына баруға дайындығын хабарлады. Әрине, «AMANAT» партиясы «Алау» БПҰ төрайымы ретінде бұл бастаманы қолдаймын. 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап Ұлттық қордың жылдық инвестициялық табысының тең жартысы 18-ге толмаған қазақстандықтардың жеке шоттарына аударылып отырады. Сондай-ақ, Президент бұл қаражатты 18-ге толған азаматтар қалай жұмсай алатынын да айтып өтті. «Кәмелекет толғаннан кейін жинақталған сома бастама мен білім алуға жұмсалады. Кеңінен көтеріліп жүрген әлеуметтік сауалды ескере отырып, әйелдер үшін зейнетке шығу жасының межесі 2028 жылға дейін 61 жас деңгейінде бекітілетіндігі туралы да хабарлап, әйелдер қауымына қуаныш сילהды. Бұл жолдау мерейлі мекеніміз-Қазақстан мемлекетін биік белестерге жетелейді деп сенемін.

4 | ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК ОТЫРЫС



22.09.2022 ж. Колледжде педагогикалық кеңес өтті. Күн тәртібінде:

1. 2022-2023 оқу жылына педагогикалық кеңестің хатшысын сайлау.
 2. Қабылдау комиссиясының 2022-2023 оқу жылы жұмысының қорытындысы.
- Жауапты: қабылдау комиссиясының хатшысы Л.Т.Қуанышбекова.
3. 2022-2023 оқу жылына педагогикалық ұжымы қызметінің негізгі міндеттері мен бағыттарын бекіту.
- Жауапты: директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Т.Қуанышбекова.
4. Әр түрлі сұрақтар.



23.09.2022 ж. Колледжде 2022-2023 оқу жылында келген жас мамандарға арналған «Жарқын болашақ иесі – бүгінгі жас маман» тақырыбында әдістемелік мектеп отырысы өтті. “Жас мамандар” мектебінің отырысы жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету, бағыт-бағдар беру мақсатында өткізілді.

Күн тәртібінде:

1. «Жас мамандарды кәсіптік бейімдеу».
- Жауапты: оқу- әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Л.К.Мейрманова.
2. Жас мамандарды және педагог-тәлімгерлерді таныстыру. Педагог тұлғасына қойылатын талаптар.
- Жауапты: әдіскер А.К.Коконбаева.
3. Теориялық сабақтың жоспарын құрастыру бойынша практикум.
- Жауапты: тарих пәнінің оқытушысы: Г.Ж.Иманалиева.
4. Силлабус және жұмыс жоспарын құрастыру бойынша практикум.
- Жауапты: әдіскер А.К.Коконбаева.
5. Электронды журналды толтыру. Жауапты: офис регистратор маманы Д.Б.Уркинбаева.
 6. Психологиялық тренинг.
- Жауапты: колледж психологы А.Н.Өскенбаева.

5 | ҰСТАЗДАР КҮНІ



30.09.2022 ж. "Ұстаздар күні" мерекесіне орай, колледждің белсенді студенттерінің ұйымдастыруымен, "Ұстаздық ұлы қызмет" тақырыбында концерттік бағдарлама өтті. Колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова ұжымды мерекесімен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы Н.М.Мұраталиева ұстаздарға сыйлық тарту етті.

6 | 1 ҚАЗАН - ҚАРТТАР КҮНІ



30.09.2022 ж. Колледж №3 арнайы пәндер ЦӘК оқытушыларының ұйымдастыруымен 1-қазан Қарттар күні мерекесіне орай "Қарттарын қадірлеген – ел ардақты" атты колледждің ардагер ұстаздарымен кездесу мерекелік кеші өткізілді.

Мерекелік кеште колледждің белсенді студенттері ән айтып, би билеп, ұлттық аспаптармен өнер көрсетті. Кештің жалпы мақсаты: Ұлы ардагер ұстаздарға құрмет көрсету, лебіз білдіру, қарттарды құрметтеуге, сыйлауға, ардагер ұстаздардың еңбегін әрқашан бағалай білуге үйрету. Ардагер ұстаздардың құрметіне "Денсаулық сақтау ісінің үздігі", "Білім беру ісінің құрметті қызметкері" төсбелгі иегері, кәсіби білім дамуына қосқан үлесі үшін медаль иегері, колледж директоры Ж.Н. Сарыбекова, ардагер ұстаздарды құттықтап сөз сөйледі. Колледждің виртуальді анатомия кабинетінің ашылу бойынша лентасын ардагер-ұстаз З.Қ.Абубакирова қиып, құттықтау сөз сөйледі. Кеш соңында, колледж асханасында "Үлкендер жолы ұлылық, ұрпағы жүрер ұғынып" атты өмірден өткен ардагер ұстаздарды еске алып, атқарған қызметтері бойынша видео ролик түсіріліп, дастархан жайылып, құран бағышталып, ас таратылды.

7 | КЕЗДЕСУ



12.09.2022 ж. «AMANAT» партиясының Тараз қалалық филиалы жанынан құрылған қоғамдық ақпараттық насихаттау тобының мүшелері Қазақстан Республикасының

Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауынан туындайтын міндеттерге байланысты партия филиалының «Алау» бастауыш партия ұйымы мүшелерімен кездесу өткізді. Жолдау еліміздің әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық – саяси дамуы жолындағы мәселелерге талдау жасаған үлкен бағдарлама болды.